

Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі

А. Қ. Құсайынов

Педагогикалық Ғылымдар Академиясы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.



Аңдатпа. Мақалада ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін пайдалана отырып және қазіргі ғылыми жаңашылдықтарды ескере отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуді жетілдірудің өзектілігі мен маңыздылығы талқыланады. Қазіргі жағдайда мұғалімдерді тиімді қолдау және бағдарлау қажеттілігіне, сондай-ақ мектеп білім алушыларын дамыту мен тәрбиелеудің әртүрлі бағыттарына, соның ішінде құндылықтарды білім беру процесіне интеграциялауға, тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруға және ұлттық рух пен құндылықтарды қалыптастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін қолдануға баса назар аударылады. Бұл мақала мектепте ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің өзекті бағыттарына шолу болып табылады. Мақалада жас ұрпаққа тәрбие беру жұмыстарын 6 бағытта жүргізу қарастырылды: мектептің ұжымдық мәдени-тәрбиелік ортасы, отбасылық құндылықтар жүйесі, отбасылық құндылықтар жүйесі, ұлттық құндылықтар жүйесі, салауатты өмір салты, АКТ сауаттылық, адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары. Осы бағыттарды қолдау үшін бастауыш мектептен бастап жоғары сынып оқушыларына дейін білім берудің барлық деңгейлерінде қолдануға болатын сынып жетекшілеріне, ата-аналарға және оқушыларға арналған 14 әдістемелік құрал әзірленіп, олардың бағыттары мен күтілетін нәтижелері жазылған. Мақалада ұрпақты тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін жаңғырту, рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту, ақыл-ой қабілеттерін дамыту және патриоттық тәрбие беру қажеттігін атап көрсетеді.



Кілтті сөздер: ұлттық тәрбие, құндылықтар, саналы ұрпақ, мектеп.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Құсайынов, А. Қ. Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №2. – Б. 131-141.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Bilim jáne Gulum!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде: «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады», – деді [1].

Қазіргі уақытта, XXI ғасырда, қол жеткен жоғары жетістіктерге қарамастан қоғамда ұлттық рух әлсіреп, ана тіліне деген құр-

мет төмендеп, перзенттік және азаматтық борыш ұғымдарының мәні құнсызданып, жастар арасында зорлық-зомбылық, суицид және т.б. жағымсыз құбылыстар көбейіп барады.

Жастардың бойында рухани-адамгершілік қағидаларының толық сақталмауы, жалпы адами әдеп негіздерінің жетіспеушілігі, адал еңбек ету ниеттері мен ерік-жігердің төмендеуі, өмірлік мақсаттарының айқын еместігі, сабырсыздық, ашуланшақтық, қатыгездік, кек сақтаушылық,

өркөкіректік, әлсіздерге күш көрсету, т.с.с. жағымсыз қасиеттердің кең таралуы қоғамда алаңдатушылық туғызуда.

Мұндай жағдайлардың тамыры тереңге тартып, білім беру саласындағы ұрпақ тәрбиесінің дағдарысқа ұшырағандығын көрсетіп отыр. Қазіргі кезде саналы ұрпақ тәрбиесі болашағымыз үшін ең асыл мұра, ең қымбат құндылық. Дұрыс ұйымдастырылған тәрбиенің қуатына тең келетін басқа пәрменді құралды да, рухани күшті де табу өте қиын. Ұрпақ тәрбиесіне жұмсалған күш-жігер, уақыт, еңбек – болашаққа деген ең маңызды инвестиция, ең ұтымды үлес.

Халық даналығында «Ұрпақ болашағы – ұстаздан» – деп атап көрсетілгендей, жас ұрпақ тәрбиесін жетілдіруде қазіргі мектептерге үлкен жауапкершілік артылуда. Әр мектеп білім алушыларының әлеуметтік жетілген тұлғасын қалыптастыруға үлкен әсер ететін маңызды әлеуметтік институт, ал мұғалім – білім алушыларды тәрбиелеудегі жетекші тұлға, мәдениеттің қайнар көзі, ұлттық құндылықтардың жанашыр жаршысы болуы керек.

Материалдар мен әдістер

«Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі» тақырыбындағы зерттеу зерттеушілерге әртүрлі ұрпақтардағы құндылық бағдарларын қалыптастыру процестері туралы терең түсінік алуға мүмкіндік беретін әртүрлі теориялық әдістерді қамтыды. Зерттеу барысында әдебиетке шолу, яғни, зерттеудің бастапқы кезеңі білім мен құндылықтар тақырыбына қатысты ғылыми мақалаларға, кітаптарға және зерттеулерге шолу жасалынды. Сонымен қатар, салыстырмалы талдау, мазмұнды және жүйелік талдау әдістері ұрпақ тәрбиесіндегі тәрбие бағыттары мен құндылықтарды салыстырып, жүйелеп талдау жасауға мүмкіндік берді. Осы теориялық әдістердің үйлесімі ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтардың негіздері туралы түсінік алуға және уақыт өте келе, әртүрлі контексттерде құндылық бағдарларының

өзгеру динамикасын түсінуге мүмкіндік берді.

Белгілі педагог А. С. Макаренко «Біздің балаларымыз – біздің қарттық шағымыз. Дұрыс тәрбие беру – бұл біздің бақытты қарттық шағымыз, ал нашар тәрбие беру – біздің болашақтағы қайғы-қасіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқа адамдар алдындағы, еліміздің алдындағы біздің кінәміз». Осы ойды түйіндей келетін болсақ, жас ұрпақ тәрбиесінде жіберіліп отырған бүгінгі қателіктер, келешекте қоғамда рухани құндылықтар мен гуманистік қасиеттері төмен адамдардың көбеюіне және соның негізінде қоғамның адами капиталының сапасының әлсіздігіне әкеліп соғуы мүмкін [2].

М. Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті», – деген болса [3], Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүктеледі», – деген болатын [1]. Саналы ұрпақ тәрбиесін жетілдіру, ертеңгі сапалы өмір кепілі болмақ. Басты мақсат – ертеңгі ұрпақ тәрбиесіндегі бүгінгі мүмкіндіктерді жіберіп алмай, кемелденген келешекті тәрбиелеуде кешігіп қалмау болса игі!

Отандық ғалым-педагогтер Р. К. Төлеубекова, Е. Жұматаева ұлттық құндылықтарды жетіге топтастырып қарастырады: отбасы, адамгершілік, білімге ұмтылу, табиғатпен үйлесімді өмір сүру, ана тілі мен мәдениеті, еңбекқорлық, сұлулық пен шығармашылық [4].

Қ. Әтемованың зерттеулерінде ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесімен байланыстыру көзделген. Отбасылық тәрбиеде ұлттық құндылықтарды қолдану қазақ мәдениетін, дәстүрлері мен тілін сақтауға, сондай-ақ балаларда жағымды құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететінін зерттейді [5].

Әдебиеттер мен дереккөздерін талдай келе ұлттық құндылықтар мен тәрбие

егіз ұғым деген тұжырым жасауға болады.

Тәрбие қағидалары тәрбие мақсатын, міндеттерін, мазмұнын жүзеге асырудағы жетекші идеялар мен басшылыққа алынатын ұстанымдар, жалпы тәрбиелік үрдістерді жүргізудің негізгі бағдары болып табылады.

1. Гуманизм қағидалары – мектептің мәдени-тәрбиелік ортасында, мұғалімдер мен оқушылар арасында, мұғалімдер мен ата-аналар арасында, жалпы әлемге, қоршаған ортаға деген ізгілік-адамгершілік қағидаларының сақталуы.
2. Руханилық қағидалары – жас өспірімдердің ішкі жан дүниесіндегі ар-намыс тазалығын, адал ниеттілігін, жоғары адамгершілік мораль және рухани байлығын қалыптастыру.
3. Ынтымақтастық қағидалары – өзара сыйластық пен құрмет, өзара риясыз көмек пен қолдау көрсету, ізгі ниетті қарым-қатынас, береке-бірлік, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуге тәрбиелеу.
4. Патриотизм қағидалары – жас ұрпақтың өз еліне, жеріне, тіліне, дініне, діліне деген құрмет сезімдерін және ұлт болашағына алаңдайтын, оған адал қызмет етуге дайын парасатты ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеу.
5. Бәсекеге қабілеттілік қағидалары – қазіргі күрделі, ауыспалы, өзгермелі, сынқатерлерге толы жаһандық әлемде жас ұрпақтың кәсіби еңбек нарығында еркін бағыт бағдарын анықтай алуы, өмір талабына сай кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастырып, адал еңбек арқылы күрделі бәсекелестік жағдайларға дұрыс шешім қабылдауға бейімдеу.
6. Толеранттылық қағидалары – көп мәдени ортада басқа мәдениет өкілдеріне, басқа пікірлер мен көзқарастарға, басқа дін өкілдеріне деген ұстамды,

сабырлы, төзімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

7. Тәрбиенің өмірмен байланыстылық қағидасы – жас ұрпаққа тәрбие беру мақсаты мен міндеттері, тәрбиенің мазмұны оқушылар шынайы өмірлік қажеттіліктеріне және қоғам талаптарына сай болуы, жаңа жағдайда өмір сүру қабілеттерін қалыптастыруға бағытталуы [6].

Теориялық шолу негізінде мектеп білім алушыларында қандай құндылықтарды болу керек екенін ескере отырып, 6 бағытқа бөліп қарастырдық. Толығырақ нәтижелер бөлімінде жаздық.

Нәтижелер және талқылау

Сан ғасырлар сынынан өткен ұлттық тәрбие қағидаларын әлемдік озық тәрбие тәжірибелерімен ұштастыра отырып, бәсекеге қабілетті саналы ұрпақ тәрбиелеу жұмысын жетілдіру мақсатында, 2021 ж. Педагогикалық Ғылымдар Академиясы, Абай атындағы ҚазҰПУ және Алматы қаласы Білім басқармасы бірлесе отырып, «Мектептерде саналы ұрпақ тәрбиелеуді ғылыми-практикалық тұрғыдан іске асыру жолдары» жобасын әзірледі [6, 7, 8].

Жобаның жетекші идеясы – рухы мықты, ұлттық намысы жоғары, патриот, әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан, парасатты, адал ниетті ұрпақ тәрбиелеу жұмыстарын іске асырудың ғылыми негізін жасап, оны практикалық тұрғыда жүзеге асыру механизмдерін дайындап, іске асыру болды.

Жобаны іске асыру мақсатында «Мектепте ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің өзекті бағыттары» анықталды. Жас ұрпаққа тәрбие беру жұмыстарын 6 бағытта жүргізу қарастырылды: мектептің ұжымдық мәдени-тәрбиелік ортасы, отбасылық құндылықтар жүйесі, отбасылық құндылықтар жүйесі, ұлттық құндылықтар жүйесі, салауатты өмір салты, АКТ сауаттылық, адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары (1-кесте).

1-кесте. Ұрпақ тәрбиесінің бағыттары

№	Бағыттары	Әдістемелік нұсқаулықтар	Мазмұны
1	Мектептің ұжымдық мәдени-тәрбиелік ортасы	Ұрпақ тәрбиесі Ұлт болашағы – саналы ұрпақ.	Мектепте біртұтас тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру. Ұжымдық (корпоративтік) мәдениет. Мұғалім тәрбиеші ретінде. Үштік одақ: мектеп, отбасы, оқушылар ынтымақтастығы. Тәрбие процессінің мониторингі.
2	Отбасылық құндылықтар жүйесі	2.1. Ата-ана болу – ұлы міндет; 2.2. «Мектеп–ата-ана–оқушы» триадасы; 2.3. Қыз елдің көркі. Қыз бала тәрбиесі – ұлт болашағы.	Ата-ана абыройы. Перзенттік парыз. Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар. Отбасылық тәрбиелік дәстүрлер. Өз өмірің өз қолыңда. Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы.
3	Ұлттық құндылықтар жүйесі	3.1. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар; 3.2. Ұлттың ұлы тұлғаларының даналық сөздері	Отанды сүю – отбасын сүю. Ана тілін қадірлемеу – сатқындықтың белгісі (Б. Момышұлы) Батыр бабаларымыздың ізгілік іздерімен. Азамат жолы – ар жолы. Сен – еліңнің ертеңісің. Имандылық тәрбиесі. Толық адам: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек. Жан сарайын жастайыңнан таза сақта. Бейбітшілік заманда да ерлікке орын бар. Көшбасшы болу өнері. Басқаларды басқару үшін алдымен өзінді басқаруды үйрен. Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, табиғаттың оны айтуға тілі жоқ.
4	Салауатты өмір салты	4.1. Өз өмірің өз қолыңда. Суицидтің алдын алу бойынша жасөспірімдерге арналған қойын кітапша; 4.2. Салауатты өмір салты	Денсаулық – сізге берілген аманат. Оны сақтамау – аманатқа қиянат! Суицидтің алдын алу жолдары. Оқушылардың стресске төзімділігін қалыптастыру. Дұрыс тамақтану ережелері – денсаулық кепілі. Жыныстық тәрбиенің маңыздылығы.

№	Бағыттары	Әдістемелік нұсқаулықтар	Мазмұны
5	АКТ сауаттылық	5.1. Оқушылардың интернетке тәуелділігінің алдын алу; 5.2. Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету.	Интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік. Интернетке деген тәуелділіктен қалай құтылуға болады? Уақыт – өмір өлшемі. Time менеджмент.
6	Адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары	6.1. Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру негіздері. Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары; 6.2. Мамандық таңдау – маңызды шешім	Еңбек түбі жеңбек. Адам қабілетінің қайнар көзі. Мамандықты дұрыс таңдау тәсілдері. Кәсіпкерлік сауаттылық, Алғашқы мектептік стартап.

Осы бағыттарда нәтижелі жұмыс жүргізу мақсатында мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, ата-аналар мен оқушыларға арналған 14 әдістемелік нұсқаулық дайындалды. Әр әдістемелік нұсқаулық төменгі сынып оқушыларынан бастап жоғары сынап оқушыларына дейін тәрбие жұмыстарын жүргізгенде пайдалануға болатындай етіп жазылды.

Ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің өзекті бағыттары мен әдістемелік нұсқаулықтарды дайындауға педагог-ғалымдар, әдіскер-тренерлер, психологтар мен тәжірибелі ұстаздар қатысты. Барлық әдістемелік нұсқаулықтардың бірін-бірі толықтырып отыруларына, қайталаулардың болмауына, мазмұндарының үндестігіне, ұстаздардың сұраныстарына жауап беретін қажетті нұсқаулықтар болуына ерекше көңіл бөлінді.

1. *Ұрпақ тәрбиесіндегі мектептің мәдени-тәрбиелік ортасын қалыптастыру* бағытында 2 әдістемелік нұсқаулық дайындалды: 1.1. Ұрпақ тәрбиесі; 1.2. Ұлт болашағы – саналы ұрпақ.

1.1. Саналы ұрпақ тәрбиесі. Нұсқаулықтың басты идеясы – ұлттық

және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде оқушылардың санасында отансүйгіштік, азаматтық борыш, әлеуметтік жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру мақсатында мектептің мәдени-тәрбиелік ортасының дамытушы ықпалын күшейту.

Ол мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың өзара сенімділік, қолдау, ынтымақтастық қатынастарына негізделе отырып саналы ұрпақ тәрбиелейтін ортаға айналуы тиіс. Бала естігенін емес, көргенін істейді. Әр мектеп саналы ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершілікті ұлттық борыш деңгейіне дейін көтеруі қажет.

Мектептің корпоративті мәдениетін оқушылар санасында академиялық адалдық, білім құндылығы, өмірлік мұратқа жетелейтін қажетті дағдылар, сыни ойлау, әділетті шешімдер қабылдау, көшбасшылық, өзін-өзі басқару механизмдерін қалыптастыруға бағыттау жолдары көрсетілген.

- 1.2. Ұлт болашағы – саналы ұрпақ. Нұсқаулық мұғалімдерді өзгерістерге күзіретті болуға, кәсіби шеберліктерін шыңдауға, педагогикалық қарым-қатынастың қыр-сырын жетік меңгеріп, оқушыларға үлгі-өнеге көрсете алуларына бағытталған. Сонымен қатар, мұғалімдерге арналған тиімді тренингтік тәжірибелер, тренингтерді ұйымдастырудың ұтымды жолдары, семинарлық талдаулар, мұғалімдік қызметтің және мектептегі тәрбие жұмысындағы қателіктер мен кем тұстарын түсініп, қажетті қорытындылар шығаруға және бірлесе отырып тәрбие жүйесіндегі күрделі мәселелерді ұжымдық идеялармен ұштастыра отырып, олардың ұтымды шешімдерін табуға бағыттайды.
2. *Ұрпақ тәрбиесіндегі отбасылық құндылықтар жүйесі бағытында 3 әдістемелік нұсқаулық дайындалды:* 2.1. Ата-ана болу – ұлы міндет; 2.2. «Мектеп-ата-ана-оқушы» триадасы; 2.3. Қыз елдің көркі. Қыз бала тәрбиесі – ұлт болашағы.
- 2.1. Ата-ана болу – ұлы міндет. Ата-ана абыройы, ұрпақтар сабақтастығы, текіден текті туады, тектілік тұқым қуады, перзенттік парыз, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас, отбасылық өмірге дайындық, ажырасудың салдары, ерте жүктіліктің алдын алудағы ата-ана білуге тиіс ақпарат тақырыптары жан-жақты ашылып қарастырылған.
- Нұсқаулықта отбасылық міндетті орындаудағы ата-ананың сана-сезіміне қозғау салатын маңызды тақырыптар көтеріліп, ата-ана ретінде тәрбиелеу тәсілдерін тереңірек білу, оларды түрлендіріп қолдану арқылы өз балаларының ішкі әлемін тануға, өздерін басқа қырынан танытуға қатысты құнды педагогикалық кеңестер жүйеленіп берілген. Нұсқаулық әр отбасының өзіне тән тәрбие жүйесін сыни бағалап, сапалық тұрғыда реттеуіне көмек көрсетуді мақсат етеді.
- 2.2. «Мектеп-ата-ана-оқушы» триадасы. Нұсқаулық сынып жетекшілеріне саналы ұрпақ тәрбиесінде ата-аналармен бірлесе жұмыс жасау жолдарын жетілдіру мақсатында жазылған. Себебі мектептің тәрбиелік кеңістігінің ұтымдылығы мектеп, отбасы, оқушыларынтымақтастығының дұрыс ұйымдастырылуына тікелей байланысты болады.
- Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі «мектеп-ата-ана-оқушы» триадасының ынтымақтастығы, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы отбасының негізгі қызметтері мен тәрбиелік мүмкіндіктері, сынып жетекшісінің ата-аналармен қарым-қатынас жасау ерекшеліктері, ата-ана мен бала арасындағы психологиялық байланыс, мектепте және отбасында балаларға қойылатын талаптар мен тыйымдар теңгерімі, отбасылық құндылықтарды насихаттайтын ғибратты әңгімелер, балалармен бірге тамашалайтын отбасылық құндылықтарды қалыптастыратын фильмдер жүйелі түрде қарастырылған.
- 2.3. Қыз елдің көркі. Қыз бала тәрбиесі – ұлт болашағы.
- Әдістемелік нұсқаулықтың басты мақсаты – қыз баланы тәрбиелеуде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру жолдарын ұсыну.
- Қазіргі таңдағы қыз бала тәрбиесінде қоғамда орын алып отырған өзекті мәселелердің түйінін тарқату мақсаты көзделінген. Мұнда, қызбаланың қоғам келешегін жасаушы рөліндегі тәрбиелеу әдістеріндегі басымдықтар бойынша ұлтық тәрбие құндылықтары тірек ретінде алынып, жаңашыл тәсілдер мен модулдер ұсынылған. Қоғам дертіне айналған ерте жүктілік, ой мен бой тазалығы, болашаққа бағдарлану

жолдарындағы кедергілердің алдын алудағы тәрбие жүйелері ұсынылды. Әсіресе қызбаланың тәрбиесіндегі әкенің рөлі қандай болу қажеттігіне сай әкелерге арнайы тәрбиелеу тәсілдеріне ақпараттар берілген.

3. *Саналы ұрпақты тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар жүйесі* бағытында 2 әдістемелік нұсқаулық дайындалды: 3.1. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар; 3.2. Ұлттың ұлы тұлғаларының даналық сөздері

3.1. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар, ұлттық тіл, ұлттық рух, ұлттық намыс, ұлттық діл, бабалар ерлігі мәнін ашатын тәрбие сағаттарының үлгісі, өнеге сағаттарында пайдалануға болатын қызықты деректер жан-жақты зерделенген.

Нұсқаулықтағы оқушылармен өткізілетін тәрбиелік іс-шаралар кезінде пайдалануға арналған тапсырмалар, кейстер, бірлесе талдауға арналған ғибратты әңгімелер баланың терең ойлануына, соның негізінде адал еңбектенуге талпынуына және рухани құндылықтарды меңгеруіне бағытталған.

- 3.2. Ұлттың ұлы тұлғаларының даналық сөздері. Қазақ халқынан шыққан дара тұлғалардың даналық сөздері жүйеленіп берілген. Онда мазмұны ұлтжандылыққа тәрбиелейтін афоризмдер, ана тілін құрметтеуге тәрбиелейтін нақыл сөздер, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын даналық сөздер, ұлттық рухты күшейтетін ұлы адамдардың өсиет сөздері, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға арналған дәйек сөздердің маңызы терең түсіндірілген және оларды ұстаздар мен ата-аналардың бала тәрбиесінде, күнделікті тәжірибеде қолдануының тиімді жолдары ұсынылған.

4. *Саналы ұрпақтың салауатты өмір салты* бағытында 2 әдістемелік нұсқаулық дайындалды: 4.1. Өз өмірің өз қолыңда. Суицидтің алдын алу бойынша жасөспірімдерге арналған қойын кітапша; 4.2. Салауатты өмір салты.

- 4.1. Өз өмірің өз қолыңда. Қазіргі кезеңдегі жасөспірімдер арасындағы өзекті мәселелердің бірі – суицид және оның алдын алу жөнінде оқушының қойын кітапшасы ретінде жазылған. Түрлі дерек көздері, танымдық негіздегі ақпараттар ұсынылып, баланың өзін анықтауына, өмірді бағалауы мен оған бағытталуына қатысты кеңестер берілген. Балалар түсінігіне сай жатық, әрі қарапайым жазылған. Олар кітапшадан өз сауалдарына қатысты жауаптар тауып, оны қалай шешу және реттеу жолдарына қатысты кеңестер алады.

Нұсқаулықта баға жетпес құндылық, уақыт – өмір өлшемі, уақыт біздің өміріміз, өмірлік миссия, өмірлік мақсат, өзін-өзі анықтауға арналған кеңестер, сабыр түбі – сары алтын, сіз жалғыз емессіз, сенім телефондары, мектептегі буллинг, буллингтен қалай қорғану керек деген тақырыптар ашылып жазылған.

- 4.2. Салауатты өмір салты. Нұсқаулықта қазіргі кезде өте өзекті болып отырған денсаулық және салауатты өмір салты, денсаулықты күту және тамақтану, дұрыс тамақтану мәдениеті, денсаулық үшін маңызды қажеттіліктер, жасөспірім шақтағы жыныстық жетілу, денсаулық үшін шынығу, жаман әдеттер мен тәуелділік факторлары, зиянды тағамдарға құмарлықтан арылу, темекінің зияны және оны алдын алу жолдары, алкоголь мен есірткіге тәуелділікті болдырмау, лудоманияның негізгі белгілері және одан құтқару секілді тақырыптар қамтылған.

Жастарды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу мәселелері теориялық және әдістемелік тұрғыда қарастырылған. Сынып сағаттарында және күнделікті сабақ мазмұнының тәрбиелік мақсатын толық жүзеге асыру үшін, ұстаздарға ақпараттық және практикалық тұрғыда көмек ретінде мәліметтер қоры жинақталып ұсынылған.

5. *Саналы ұрпақтың АКТ сауаттылығы* бағытында 2 әдістемелік нұсқаулық дайындалды: 5.1. Оқушылардың интернетке тәуелділігінің алдын алу; 5.2. Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

- 5.1. Оқушылардың интернетке тәуелділігінің алдын алу. Нұсқаулықта саналы ұрпақтың АКТ сауаттылығын жетілдіру интернетке тәуелділік, уақытты тиімді басқару, интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік, цифрлы мәдениетті қалыптастыру мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Интернетке тәуелділік, интернетке тәуелді болудың белгілері, интернетке тәуелді болу себептері, интернетке тәуелді болудан арылу, Интернетке тәуелділікті болдырмау жолдары, интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік, Интернетте кездесетін қауіптер, интернеттің кері әсерлері, интернет кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолы, цифрлық мәдениетті қалыптастыру, цифрлық мәдениетті қалыптастырудағы құндылықтың рөлі, Time-менеджмент: интернеттегі уақытты тиімді қолдану тақырыптары қамтылған.

- 5.2. Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі АКТ сауаттылығын қалыптастыруда Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді жолдары қарастырылған. Балалардың интернетті тиімді пайдалануына бағыт-бағдар бере отырып, одан келетін қауіптің алдын алу жолдары көрсетілген. Қауіптің алдын

алуда ата-анаға бала бос уақытын дұрыс ұйымдастыра білу жолдарынан кеңестер ұсынылады.

Баланың бос уақытын қадағалау, баланың демалыс уақытын ұйымдастыру, ақылы, қауіпті сайттар, виртуалды әлемдегі бала қауіпсіздігі тақырыптары қарастырылған. Нұсқаулықпен таныса отырып, ата-аналар отбасында болып жатқан өзекті мәселелердің бірі – баланың интернетке тәуелділігінің алдын алудағы мүмкіндіктермен танысып, тәрбие барысындағы өз әрекетіне керібайланыс ала алады.

6. *Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары* бағытында 2 әдістемелік нұсқаулық дайындалды: 6.1. Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру негіздері. Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары; 6.2. Мамандық таңдау – маңызды шешім

- 6.1. Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру негіздері. Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары. Оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстарын іске асыру жолдары қарастырылған. Оқушылардың қабілеттері мен бейімділігі, жаңа мамандықтар жол картасы, қаржылық сауаттылық тақырыптары бойынша жүйелі ақпараттар ұсынылған.

Оқушылардың қабілеттері мен бейімділігі, адал табыс, адал еңбек, менің мамандығым – менің болашағым, оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру негіздері, мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысының кешенді бағдарламасының бағыттары, кәсіби бағдар жұмысын іске асыруға бағытталған іс-шаралар кешені, жаңа мамандықтар жол картасы, шетелдерде оқушылардың кәсіптік бейімделуін және өзіндік анықталуын ұйымдастыру тәжіри-

бесі, қаржылық сауаттылық, кәсіпкерлік әліппесі тақырыптары қарастырылған.

6.2. Мамандық таңдау – маңызды шешім. Қоғам талабына сай баланың даралық ерекшеліктерін дамыту, баланың өзін-өзі тануы табысқа жетелейді, баланың таңдауымен санасу, кәсіби бағдар беруде бала бойына сенім қалыптастыру, жүрек қалауы бойынша мамандық таңдауға шешім қабылдау, мамандықты шығармашылықпен игеру тақырыптары қарастырылған.

Сонымен қатар баланың мамандық таңдауына қатысты ата-аналардың міндеттері айтылған. Баланың өзін-өзі тануына жол сілтеу, кәсіби құзыреттіліктер мен қажетті біліктіліктерді бала бойына сіңіру жолдары туралы кеңестер берілген. Осы орайда оқушыларға жастайынан өздерінің өмірлік мұраттарын ертерек анықтап, сүйікті кәсіп түрін дұрыс таңдау жолдарын анықтауға көмектесу мұғалімдер мен ата-аналардың аса маңызды міндеттері екеніне баса назар аударылады.

Қорытынды

Ұрпақ тәрбиесін жетілдіру өзектілігі жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін, қазіргі әлемдік ғылыми жаңалықтар тәжірибесін ұштастырумен негізделеді.

Ұрпақ тәрбиесінің жетекші идеясы – жас ұрпақ тәрбиесінде бүгінгі мүмкіндіктерді жіберіп алмау.

Рухы мықты, ұлттық намысы жоғары, әлеуметтік жауапкершіліктері қалыптасқан, парасатты, адамгершілігі жоғары қалыптасқан азаматтар тұлғасы мектеп партасынан бастап тәрбиеленуі қажет.

Ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің негізгі бағыттары қазіргі қоғамда белең алып

бара жатқан, жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың алдын алу мақсатында анықталған.

XXI ғасыр балаларының ерекше күрделі, өзгермелі, құбылмалы әлемде дамып жатқанын ескере отырып, мұғалімдер қауымына да жаңа кәсіби бағдар және ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігіне баса назар аударылуда.

Қазіргі жағдайларда ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің мынандай мүмкіндіктері бар:

- ұлттық құндылықтар жүйесін оқытудың мазмұнына кіріктіру;
- тәрбие сағаттарын, сыныптан тыс сабақтарды баланың ұлттық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру;
- тәрбиешілердің жүргізетін жұмыстарының бағдарламасына этнопедагогикалық өзгерістерді енгізу;

Бұл тұста, балаға ұлттық рух, патриотизмді, ұлттық құндылықтарды, салауатты өмір салтын, АКТ сауаттылығын, кәсіпкерлік еңбек құндылықтарын ұлттық нақышта меңгертудің жаңа әдіс-тәсілдері мен жаңа тұғырларын жандандыру қажет. Мектептерде пән оқытушысы мен қатар тәрбиеші-мұғалім, тәлімгер-мұғалім қызметтерін бөліп қарастыру көзделуде. Тәрбиенің тиімділігі тәрбиешінің шеберлігіне, оның оқушылармен тығыз сенімді қарым-қатынасына байланысты.

Қазіргі мұғалімдер мен ата-аналардың жұмысбастылығына байланысты оқушылармен ашық әңгімелесу, олардың ішкі күйзелістеріне мән беру, үлкендермен сұхбаттасу қажеттіліктеріне деген уақыт тапшылығы, тәрбие үрдісін кездейсоқ үрдіске айналдырып, оған деген немқұрайлы көзқарас қалыптасу қауіпі басым болып барады. Оқушы үні естілмей, оның тұлға ретінде дамуының дұрыс бағыттары ескерілмей қалуы, ертеңгі өкініштердің алғышарттарына айналу қауіпі де аз емес. Сондықтан, ұрпақ тәрбиесінде оқушылардың рухани-адамгер-

шілік құндылықтар жүйесін қалыптастыру, ақыл-ой қабілеттерін дамыту, моральдық тазалықты сақтауға үйрету, ұлттық рухты күшейту, Отанға адал қызмет ету сезімдерін күшейту міндеттерін шешудің жаңа әдіс-тәсілдерін жаңғырту жаппай қоғамның, мемлекеттің, білім беру мекемелерінің барлық деңгейлерінің, БАҚ-тың, ата-аналар қауымының, барлық әлеуметтік институттардың ортақ міндеті болуы керек.

Ұрпақ тәрбиесінің жүзеге асырылуы білім беру саласындағы кадрлар сапасын күшейтуден тұрады.

Бұл жұмыстар психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік-құқықтық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету арқылы жетілдірілуі қажет.

Ұрпақ тәрбиесінің мазмұны шығармашылық тұрғыдан зерттеліп, озық тәрбие тәжірибелерімен толықтырылып отырылады.

Қолданылған деректер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim және Gylым!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (электронды ресурс) // https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-bilim-jne-ylym-atty-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrysynda-soilegen-sozi (қаралған күні 01.06.2023)
2. Макаренко, А. С. Правильно воспитывать детей. Как? [Текст]. – М.: АСТ, Астрель-СПб, 2013. – 320 с.
3. Жұмабаев, М. Педагогика [Мәтін]. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
4. Toleubekova, R. K., Zhumataeva, E., Sarzhanova, G. B. The Role of Ethnopedagogy in Shaping Positive Attitudes towards Traditional Values of Kazakh People among Future Teachers in Kazakhstan (2022) *Koers*, 87 (1). DOI: 10.19108/KOERS.87.1.2430
5. Atemova, K., Kabekeyeva, K., Iskakova, P., Zhumadullaeva, A., Belgibayeva, G. Application of national values in family training of Kazakh people (2018) *Journal of Advanced Pharmacy Education and Research*, 8 (4), pp. 45 - 50.

6. Құсайынов, А. Қ. және т.б. Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі: әдістемелік нұсқаулықтар жинағы [Мәтін]. I бөлім. – Алматы: ПФА, 2022. – 202 б.
7. Құсайынов, А. Қ. және т.б. Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі: әдістемелік нұсқаулықтар жинағы [Мәтін]. II бөлім. – Алматы: ПФА, 2022. – 186 б.
8. Құсайынов, А. Қ. және т.б. Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі: әдістемелік нұсқаулықтар жинағы [Мәтін]. III бөлім. – Алматы: ПФА, 2022. – 168 б.

References

1. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń «Bilim jáne Gylым!» atty tamyz konferentsiasynyń plenarlyq otyrysynda sóilegen sózi [The head of State Kassym-Jomart Tokayev said: «Bilim jáne Gylым!» speech at the plenary session of the August conference] (elektrondy resýrs) // https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-bilim-jne-ylym-atty-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrysynda-soilegen-sozi (qaralǵan kúni 01.06.2023)
2. Makarenko, A. S. Pravit'no vospityvat' detej. Kak? [Tekst] – M.: AST, Astrel'-SPb, 2013. – 320 s.
3. Jumabaev, M. Pedagogika [Pedagogy] [Mátin]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 160 b.
4. Toleubekova, R. K., Zhumataeva, E., Sarzhanova, G. B. The Role of Ethnopedagogy in Shaping Positive Attitudes towards Traditional Values of Kazakh People among Future Teachers in Kazakhstan (2022) *Koers*, 87 (1). DOI: 10.19108/KOERS.87.1.2430
5. Atemova, K., Kabekeyeva, K., Iskakova, P., Zhumadullaeva, A., Belgibayeva, G. Application of national values in family training of Kazakh people (2018) *Journal of Advanced Pharmacy Education and Research*, 8 (4), pp. 45 - 50.
6. Kúsainov, A. K. jáne t.b. Urpaq tárbiesindegi qundylyqtar negizi: ádistemelik nusqaulyqtar jinaǵy [The basis of values in the upbringing of offspring: a collection of methodological manuals] [Mátin]. I bólim. – Almaty: PǵA, 2022. – 202 b.
7. Kúsainov, A. K. jáne t.b. Urpaq tárbiesindegi qundylyqtar negizi: ádistemelik nusqaulyqtar jinaǵy [The basis of values in the upbringing of offspring: a collection of methodological manuals] [Mátin]. II bólim. – Almaty: PǵA, 2022. – 186 b.
8. Kúsainov, A. K. jáne t.b. Urpaq tárbiesindegi qundylyqtar negizi: ádistemelik nusqaulyqtar jinaǵy [The basis of values in the upbringing of offspring: a collection of methodological manuals] [Mátin]. III bólim. – Almaty: PǵA, 2022. – 168 b.

Основы ценностей в воспитании подрастающего поколения

А. К. Кусаинов

Академия Педагогических Наук
Республика Казахстан, г. Алматы



Аннотация. В статье обсуждается актуальность и важность совершенствования воспитания подрастающего поколения с использованием системы национальных и общечеловеческих ценностей и с учетом современных научных новшеств. В современных условиях акцент делается на необходимости эффективной поддержки и ориентации учителей, а также на различных направлениях развития и воспитания школьников, включая интеграцию ценностей в образовательный процесс, организацию воспитательных мероприятий и применение эффективных методов и приемов формирования национального духа и ценностей. Данная статья представляет собой обзор актуальных направлений совершенствования воспитания поколений в школе. В статье рассмотрено проведение воспитательной работы подрастающего поколения по 6 направлениям: коллективная культурно-воспитательная среда школы, система семейных ценностей, система семейных ценностей, система национальных ценностей, здоровый образ жизни, грамотность информационно-коммуникационных технологий, ценности добросовестного предпринимательского труда. Чтобы поддержать эти области, было разработано 14 методических пособий для классных руководителей, родителей и учащихся, которые можно использовать на всех уровнях образования, от начальной школы до старшекласников, с указанием их направлений и ожидаемых результатов. В статье подчеркивается необходимость модернизации методов и приемов воспитания поколения, укрепления духовно-нравственных ценностей, развития умственных способностей и патриотического воспитания.



Ключевые слова: национальное воспитание, ценности, сознательное поколение, школа.

The basis of values in educating generation


A. K. Kusainov

Academy of Pedagogical Sciences
Republic of Kazakhstan, Almaty



Annotation. The article discusses the relevance and importance of improving the upbringing of the young generation using the system of national and universal values and taking into account modern scientific innovations. In modern conditions the emphasis is placed on the necessity of effective support and guidance for teachers, as well as various directions of development and education of schoolchildren, including integration of values into the educational process, organization of educational events and use of effective methods and techniques for the formation of national spirit and values. This article is a review of current areas of improvement in the upbringing of generation at school. The article considers the educational work of the young generation in 6 areas: the collective cultural and educational environment of the school, the system of family values, the system of national values, healthy lifestyle, information and communication technology literacy, the values of conscientious entrepreneurial work.

To support these areas, 14 methodological guides have been developed for classroom teachers, parents and students, which can be used at all levels of education, from elementary school to high school students, with their directions and expected results. The article emphasizes the need to modernize the methods and techniques of educating a generation, strengthening spiritual and moral values, the development of mental abilities and patriotic education.

 **Key words:** national education, values, conscious generation, school.

Материал баспаға 18.05.2023 ж. келіп түсті